

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жыл сайынғы сыртқы аудитін жүргізу үшін тәуелсіз аудиторды таңдау жөніндегі конкурсстық комиссияны құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 14 қазандағы N 1053 қаулысы

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының кейбір мәселелері туралы" 2001 жылғы 29 қаңтардағы N 543 Жарлығына, "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жыл сайынғы сыртқы аудитін жүргізу үшін тәуелсіз аудиторды таңдау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 26 шілдедегі N 1011 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңес мүшелерінің ұсыныстарын ескере отырып, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жыл сайынғы сыртқы аудитін жүргізу үшін тәуелсіз аудиторды таңдау жөніндегі конкурсты өткізу үшін мынадай құрамда комиссия құрылсын:

- | | |
|----------------------|--|
| Павлов | - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары, төраға |
| Александр Сергеевич | - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі, төрағаның орынбасары |
| Досаев | |
| Ерболат Асқарбекұлы | |
| Комиссия мүшелері: | |
| Мұқанов | - Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Әлеуметтік-экономикалық талдау бөлімінің менгерушісі (келісім бойынша) |
| Мақсат Нұрдәuletұлы | - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің |
| бойынша) | |
| Сәтқалиева | - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің |
| Валентина Адамовна | |
| төрайымы | |
| Аман | - Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының депутаты, Экономика, қаржы және бюджет жөніндегі комитетінің мүшесі (келісім бойынша) |
| Евгений Иосифович | - Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қаржы және бюджет жөніндегі комитетінің мүшесі |
| Қосмамбетов | |
| Төлебек Қосмамбетұлы | |
| (келісім бойынша) | |
| Әйтекенов | - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі |
| Қайрат Медібайұлы | |

Сейітқұл - Республикалық бюджеттің атқарылуын
Қайырбек Сейітқұлұлы бақылау жөніндегі есеп комитетінің
мүшесі (келісім бойынша)

Әлжанов - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Батырбек Асылбекұлы Монетарлық операциялар департаментінің
директоры (келісім бойынша).

2. Конкурстық комиссия заңнамада белгіленген тәртіппен 2003 жылғы 31 желтоқсанға дейін Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жыл сайынғы сыртқы аудитін жүргізу үшін 2003-2004 жылдарға тәуелсіз аудиторды таңдау жөніндегі конкурсты өткіздін және оның нәтижелері бойынша конкурстың женімпазын анықтасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министри

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК